

"Мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 19 наурыздағы № 157 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 954 қаулысымен

"Мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 954 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 30, 392-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А. Мамин**

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2021 жылғы 19 наурыздағы

№ 157 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
2005 жылғы 20 шілдедегі
№ 754 қаулысымен
бекітілген

Мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарының тізбесі

1. Протездік-ортопедиялық құралдар:
 - 1) шина-былғары қол протезі (иық протезі, білек протезі, саусақ протезі); жаңа технология бойынша қол протезі (иық протезі, білек протезі, саусақ протезі);
 - 2) шина-былғары жіліншік протезі; жаңа технология бойынша (модульдік) жіліншік протезі; силикон қабы бар жіліншік протезі;
 - 3) шина-былғары жамбас протезі; жаңа технология бойынша (модульдік) жамбас протезі;
 - 4) омырау бездерінің протезі;
 - 5) аппарат, тугор;
 - 6) таяқ: бір тіреулі және көп тіреулі;
 - 7) балдақ: бір тіреулі шынтақ, көп тіреулі шынтақ, қолтық асты;
 - 8) жетек арба: сал ауруы бар балаларға арналған, жетек арба (қадамсыз, қадамдық, дөңгелекті), қосымша тіреуі бар жетек арбалар;
 - 9) корсет, реклинатор, басұстағыш;
 - 10) бандаж, емдік белбеу, балалардың профилактикалық шалбары;
 - 11) ортопедиялық аяқкиім және қосымша құрылғылар (кебістер, супинаторлар, ұлтарақтар);
 - 12) аппаратқа арналған аяқкиім;
 - 13) жейде киюге арналған құрылғы;
 - 14) колготки киюге арналған құрылғы;
 - 15) шұлық киюге арналған құрылғы;
 - 16) түйме тағуға арналған құрылғы (ілмек);
 - 17) белсенді қармауыш;
 - 18) ыдыс-аяқты ұстауға арналған қармауыш;
 - 19) қақпақтарды ашуға арналған қармауыш;
 - 20) кілтке арналған қармауыш.
2. Сурдотехникалық құралдар:
 - 1) есту аппараттары;
 - 2) веб-камерасы бар ноутбук;
 - 3) көп функциялы сигнал жүйелері;

- 4) мәтіндік хабар беретін және хабарды қабылдайтын мобильді телефондар;
- 5) саңырау және нашар еститін адамдарға арналған сағаттар;
- 6) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорлары;
- 7) дауыс шығаратын аппарат.

3. Тифлотехникалық құралдар:

- 1) тифлотаяқтар;
- 2) оқу машиналары;

3) сөйлеу синтезі бар экрандық қол жеткізу бағдарламасымен қамтамасыз етілген ноутбук;

- 4) Брайль жүйесі бойынша жазу құралы;
- 5) Брайль жүйесі бойынша жазу грифелі;
- 6) рельефті-ноқатты қаріппен жазуға арналған қағаз;
- 7) дыбыспен хабар беретін және диктофоны бар мобильді телефондар;
- 8) дыбыс жазбасын шығаруға арналған плейерлер;
- 9) нашар көретін адамдарға арналған сағаттар;
- 10) сөз шығаратын термометр;
- 11) сөз шығаратын тонометр;
- 12) тест жолақшалары бар сөз шығаратын глюкометр;
- 13) Брайль қарпін өз бетінше үйренуге арналған сөйлейтін құрал;
- 14) алмалы-салмалы Брайль әліппесі;

15) көру қабілеті нашар мүгедектерге арналған ине сабақтағыштар, тігін инелері.

4. Арнаулы жүріп-тұру құралдары:

1) қол жетегі бар бөлмеде жүріп-тұруға/серуендеуге арналған базалы кресло-арба;

- 2) рычагты жетегі бар серуендеуге арналған кресло-арба;
- 3) белсенді түрдегі әмбебап кресло-арба;
- 4) электр жетегі бар (әмбебап) кресло-арба;
- 5) көп функциялы (әмбебап) кресло-арба.

5. Міндетті гигиеналық құралдар:

- 1) несеп қабылдағыштар;
- 2) нәжіс қабылдағыштар;
- 3) жөргектер;
- 4) сіңіргіш жаймалар (жаялықтар);

5) катетер (*Spina bifida* диагнозы бар мүгедек балаларға арналған бір рет қолданылатын катетер);

6) стоманың айналасындағы теріні қорғауға және тегістеуге арналған паста-герметик;

- 7) стоманың айналасындағы теріні қорғауға және күтуге арналған қорғаныш крем;
- 8) стоманың айналасындағы теріні қорғауға және күтуге арналған сіңіргіш ұнтақ (опа);
- 9) иісті бейтараптандырғыш;
- 10) стоманың айналасындағы немесе шат терісін тазалауға және күтуге арналған тазартқыш;
- 11) санитариялық құрылғысы бар кресло-орындық;
- 12) дәретхана бөлмесіне арналған қайыrmалы тіреуіш тұтқалар;
- 13) жуынатын бөлмеге арналған тұтқалар.